

**Полирезистентті бактериялардың
штамдарымен шақырылған
инфекцияларға қарсы Инфекциялық
бақылаудың (ИБ) шаралары. Емдік-
профилактикалық мекемелердегі
изоляциялық-шектеу шаралары**

Инфекциялық бақылау

- Бұл инфекцияның туындауына, оның таралуына қарсы бағытталған организациялық, профилактикалық, эпидемияға қарсы шараларды қарастырады. Оның базасы эпидемиологиялық диагностика нәтижесінде құрылған.
- Инфекциялық бақылаудың мақсаты – ауруханаішілік инфекциялардан туындайтын аурушандық, легальділікті және экономикалық зардабты азайтуға бағытталған. Осы мақсатты орындау барысында әр түрлі маманды Емдік-профилактикалық мекемелерге нақты комплекстер құрылған. Инфекциялық бақылау жүйесі 8 аспекті құрайды.

1. Инфекциялық бақылауды бөлу және жүргізу құрылымы

- Әрбір ЕПМ(емдік-профилактикалық мекеме) инфекциялық бақылау комитеті болады, олардың күзiретi бүкiл қызметкерлер мен қызметтерге таралады. Оның құрамына басшы (председатель) (емдеу ісі бойынша бас дәрігердің орынбасары), дәрігер-эпидемиолог, немесе оның көмекшісі, бас мейірбике және дәрігер-мамандар (хирург, терапевт, инфекционист және т.б.). Комитет құрамы кеңейтілуі мүмкін, ол ЕПМ профиліне байланысты.

2. АИИ тіркеу және учет жүйесі

Бұл принциптің негізгі бағыты – госпитальды инфекциялардың стационарлық жүйедегі активті түрде анықтау болып келеді.

3. Инфекциялық бақылаудың микробиологиялық қамтылуы

- Клиникалық – мекеме немесе келісім шарт бойынша сыртқы лабораторияларда ,диагностикалық лабораторияларда заманауи микробиологиялық зерттеу жүргізу. Микробиологиялық анализдердің көлемі мен сапасы ЕПМ-нің микроэкологиялық шарттарына сәйкес болуы керек. Зерттеу нәтижесі бойынша мамандар бөлініп алынған микроорганизм штаммдарын антибиотиктерге, антисептиктерге, дезинфектанттарға, физикалық факторларға сезімталдылығын бағалайды. Штаммдардың мінездеме базасын құру арқылы біздер нақты оларға қарсы эпидемиологиялық анализ жүргізе аламыз.

4. АІИ эпидемиологиялық анализ

ЕПМ сәйкес нақты мақсатпен және міндеттермен эпидемиологиялық анализ жүргізіледі. Оның әдістері:

Ретроспективті – ЕПМ-інде АІИ дамуына әсер ететін факторлар, себептер, шарттар жайлы гипотезалар құрылады.

Оперативті – АІИ эпидемиологиялық процессінің фазалық күйін диагностикалау, госпитальды штаммдардың құрылу қадағалау және эпидемиялық жағдайды болжау .

5. Профилактика және эпидемияға қарсы шаралар

ЕПМ-де антибиотик, антисептик және де басқа емдеу заттары және АИИ туралы олардың госпитальды штаммдары жайлы тіркеу мәліметтерін адекватты ұйымдастырылуы керек. Медициналық персоналдардың жеке бас гигиенасын сақтау, әртүрлі манипуляция, процедуралар барысында антисептиканы сақтау.

6. Персоналды үйрету

- Бұл аспекттің негізгі бағыты – әртүрлі профилді мамандарды үйрету үшін дифференцияланған программа ойлап табу. Сонымен қоса жұмысқа қабылдар алдында осы программамен таныстыру. Және сол программаны жұмыс барысында әрімен қарай қолдану.

7. Персонал денсаулығын қорғау

Бұл бағыттын негізін құрайтын:

- нақты ЕПМ профессионалды қауіп факторлары мен оларға баға беру;
- Ақпаратты дайындау және анализдеу;
- Профессиональды аурушандық профилактикалық бағдарламасын ойлап табу және енгізу.

8. Науқас денсаулығын қорғау

Санитарлы-эпидемияға қарсы режимге сәйкес:

- Науқас өзінің жеке бас гигиенасы, киімдерін, ыдыстарын, бөлмесін таза ұстау
- Инфекция таралуын уақытылы тоқтату;

Науқасты күтіп жүріп мейірбикенің есінде болуы қажет- науқасты күтіп жүріп, одан инфекциялық ауруды жұқтырып алуы немесе басқа адамды жұқтыруы мүмкін.